

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БОЙЫНША ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПТЫЛЫҚТАН БОСАТУ НЕГІЗДЕРІ

Абдурахман БатуханАлмазұлы

[Almazuly00@mail.ru](mailto:Almazuly00@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕУҰ заң факультетінің 2-курс студенті, Нұр-Сұлтан,  
Қазақстан

Ғылыми жетекшісі: Муратханова М.Б

Халықаралық жария құқықтың ішінде халықаралық қылмыстық құқық дербес институт болып саналады. Халықаралық қылмыстық құқық-бұл халықаралық шарттарда көзделген қылмыстарға қарсы күрестегі мемлекеттердің ынтымақтастығын реттейтін принциптер мен нормалар жүйесі, ол халықаралық құқық саласы ретінде ХІХ ғасырда соңында пайда болды. Құлдыққа, жалған ақша жасауға, есірткі қылмыстарына, соғыс заңдары мен әдет-ғұрыптарының бұзылуына және т. б. қарсы күрестегі тәжірибесін жинақтауға қарай бағытталған.

Халықаралық қылмыстық құқықтың мақсаты қылмыстылықты тоқтату, соның ішінде қылмыскерлерді экстрадициялау, мемлекеттердің бір-бірімен ақпарат алмасуы, терроризм, экоцидке, адам сатуды тоқтату. Енді қылмыстық жауапкершілікке тоқтамас бұрын, халықаралық қылмыстық құқықты жүйелейік. Заң ғылымында барлық салаларды өзіне тән принциптері бар, сол секілді халықаралық қылмыстық құқықтада өзіне тән принциптер бар, олар: соғысқа тыйым салу; халықаралық құқық бойынша қылмыстық деп есептелетін кез келген әрекетті жасағаны үшін қылмыстық жазаның бұлтартпастығы; егер мемлекет халықаралық құқық бейбітшілік пен адамзатқа қарсы қылмыстар санатына жатқызылған әрекеттер үшін жаза белгілемесе, онда бұл кінәлі адамды Халықаралық қылмыстық жауаптылықтан босататын мән-жай болып табылмайды.; халықаралық қылмыс жасаған адамның лауазымдық жағдайы оны жеке жауаптылықтан босатпайды; адамның өз үкіметінің немесе бастықтың қылмыстық бұйрығын орындауы, егер саналы таңдау іс жүзінде мүмкін болса, бұл адамды жауапкершіліктен босатпайды; халықаралық қылмыспен немесе халықаралық сипаттағы қылмыспен айыпталған әрбір адам өз ісін сотта әділ қарауға құқылы; әскери қылмыскерлерге және адамзатқа қарсы қылмыстарға ескіру мерзімдерін қолданбау; 1948 ж. адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының 7-11-бабында жарияланған қылмыстық істер бойынша сот төрелігін жүзеге асырудың халықаралық принциптері (кінәсіздік презумпциясы, соғысты, азаптауды насихаттауға тыйым салу және т.б.) Қылмысқа қарсы халықаралық күрес деп мемлекеттердің индивидтермен жасалған қылмыстардың белгілі бір түрлеріне қарсы күрестегі ынтымақтастығы түсініледі. Бұл ынтымақтастық ұзақ эволюциядан өтті. Мұндай ынтымақтастықтың бірінші нысаны қылмыскерлерді ұстап беруде ынтымақтастық болды. Белгілі бір кезеңде тәжірибе алмасу қажеттілігі туындайды. Ғылыми-техникалық прогрестің дамуына қарай осы саладағы ынтымақтастық да мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастарда неғұрлым маңызды рөл атқарады. Қылмыскерлерді іздестіруді, құжаттарды тапсыруды, куәлардан жауап алуды, заттай дәлелдемелерді жинауды және басқа да тергеу әрекеттерін қоса алғанда, қылмыстық істер бойынша да құқықтық көмек көрсетумен де бірдей болады. Соңғы уақытта мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастарда кәсіби-техникалық көмек көрсету туралы мәселе елеулі орын алады. Көптеген мемлекеттер өздерінің құқық қорғау органдарын қылмысқа қарсы күрес үшін қажетті жаңа техникалық құралдармен жарақтандыруға аса мұқтаж. Мысалы, авиажолаушылардың жолжүгіндегі жарылғыш заттарды анықтау үшін аса

күрделі және қымбат тұратын аппаратура талап етіледі. Қылмысқа қарсы күрестегі халықаралық ынтымақтастық мемлекеттердің өзара байланысты бірнеше міндеттерді шешуді көздейді:

а) бірнеше немесе барлық мемлекеттер үшін қауіп төндіретін қылмыстарды саралауды келісу;

б) осындай қылмыстардың алдын алу және жолын кесу жөніндегі шараларды үйлестіру;

в) қылмыскерлер мен қылмыстарға юрисдикция белгілеу;

г) жазаның бұлтартпастығын қамтамасыз ету;

д) қылмыскерлерді беруді қоса алғанда, қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету[1].

Халықаралық қылмыстық құқықта жауапкершіліктен босату аспектісі терең дамып, зерттелген деп айтуға болмады. Біріншіден халықаралық қылмыс құқығына арналған актілердің еш бірінде қылмыстық жауапкершіліктен босату туралы жазылмаған, бірақ себептері көрсетілген. Атап айтқанда, халықаралық әскери трибунал жарғысында (немесе Нюнберг трибуналыны) 7 бабынба халықаралық қылмыс жасаған мемлекет, үкімет басшысы қылмыстық жауапкершілік алдында ешқандай имунитеті болмауы керек. Осы құжаттың 8-бабында: сотталушы Үкіметтің өкімі немесе бастықтың бұйрығы бойынша әрекет еткен фактісі оны жауапкершіліктен босатпайды, бірақ егер Трибунал мұны сот төрелігінің мүдделерін талап ететінін мойындайтын болса, жазаны жеңілдету үшін дәлел ретінде қаралуы мүмкін. Ал аналогиялық норма Қиыр Шығыс үшін халықаралық әскери трибуналының Жарғысының 6-бабында көрсетілген.

Қылмыстық жауапкершіліктен босату институты халықаралық қылмыстық Халықаралық қылмыстық сот Статутында қарастырылған. Бірқатар шетелдік мамандардың пікірінше, бұрын Халықаралық қылмыстық жауаптылықтан босату институтын бекітпеу себептерін, сондай-ақ оның практикада қолданылмау себептерін халықаралық қылмыстар қаралып отырған іс бұл институтта қолдану мүмкін еместігін айтты[2]

Халықаралық қылмыстық жауаптылықтан босататын барлық негіздерді бірнеше топқа бөлуге болады.

А) Кінәлі адамның психикалық ауруына байланысты босату негіздері. Егер адам психикалық аурудан немесе психикасының бұзылуынан зардап шегетін болса, ол оны құқыққа қарсы немесе өзінің мінез-құлқының сипатын ұғыну не өзінің іс-әрекеттерін заң талаптарымен ұғыну мүмкіндігінен айыратын болса, жауаптылықтан босатылады. Осылайша, Халықаралық қылмыстық сот Статуты жауаптылықтан босатудың екі шарттарын көрсетеді: 1) психикалық аурудың немесе психикалық бұзылудың болуы. 2) өзінің іс-әрекетіне саналы түрде жауап бере алмауы. Халықаралық қылмыстық құқықта адамның созылмалы психикалық ауруы немесе психикалық бұзылуы міндетті емес деп танылады. Әрекет жасау кезінде адамның психикасының бұзылуынан зардап шегуі жеткілікті. Психикалық бұзылудың болуын психиатриялық зерттеу жүргізу арқылы халықаралық қылмыстық сот талқылауы процесінде дәлелдеуге тиіс. Халықаралық қылмыстық сот практикасында «ақыл-ой жауапкершілігінің жеткіліксіздігі» сілтемелерінің жағдайлары орын алды, атап айтқанда бұл негіздеме Балқан қақтығысы кезінде сербтерге қарсы қылмыс жасаған Эсар Ланджоға қатысты ісін қарау кезінде қолданылған[3].

Б) Қорғанысқа негізделген жауаптылықтан босату негіздері. Халықаралық қылмыстық сот статуты жүйелендірілген түрде зиян келтірілген жағдайда қылмыстық жауаптылықтан босату институты ұсынылған бірінші халықаралық акт болып табылады.

Статуттың 31-бабы 1-тармағының «с» тармақшасы ХҚС, егер адам өзін немесе басқа адамды қорғау үшін ақылға қонымды әрекет еткен жағдайда немесе әскери қылмыстар жағдайында осы адамның немесе басқа адамның өмір сүруі үшін аса маңызды болып табылатын мүлікті не әскери сипаттағы міндеттерді орындау үшін аса маңызды болып табылатын адамға немесе басқа қорғалатын адамға немесе мүлікке қауіп төндіретін қауіптілік дәрежесіне мөлшерлес тәсілмен күш қолданданса қылмыстық жауаптылықтан

босатуды көздейді. Адамның күш қолдану арқылы жүргізілген қорғау жөніндегі операцияларға қатысқан мән-жай осы негізге сәйкес қылмыстық жауаптылықтан босату үшін өзі негіз болып табылмайды. Оларды жүйелесек:

- а) өзін-өзі қорғау немесе қажетті қорғаныс;
- б) басқа адамдарды қорғау немесе қорғау;
- в) мүлікті қорғау.

Әскери сипаттағы міндеттерді орындау үшін аса маңызды болып табылатын мүлікке зиян келтіру қатерін қорғау негіздеріне жатқызу даулы болып табылады. Қаралып отырған жағдайларға байланысты жауапкершіліктен босату ережелерін реттейтін норманың редакциясы ХҚС статутын қабылдау кезінде кеңінен талқыланды. Қорғау ең алдымен жеке тұлғаны қорғаумен байланысты болуы керек және тек бұл жағдайда күш қолдануға болады. Әскери сипаттағы міндеттерді орындау, сөзсіз, жария мүдделерге жатады, бұл қорғау жағдайларына қолданылмайды.

В) Интоксикация себебі бойынша босату негіздері. Егер адам оны құқыққа қарсы немесе өзінің мінез-құлқының сипатын ұғыну немесе өзінің іс-әрекеттерін заң талаптарымен ұғыну мүмкіндігінен айыратын интоксикация жағдайында болса, егер бұл адам интоксикация нәтижесінде соттың юрисдикциясына жататын қылмыс болып табылатын әрекет жасауы не оның осындай іс-әрекет жасау қаупін елемегені білген жағдайларда өз еркімен интоксикацияға ұшырамаса, адам халықаралық қылмыстық жауаптылықтан босатылады.

Халықаралық қылмыстық құқық тәжірибесі бойынша интоксикацияның болуы мүмкін жағдайлары байқалады: алкогольдік мас болу, есірткілік мас болу, өзге де уытты заттарды қолдану. ХҚС тәжірибесінде интоксикация жағдайында халықаралық қылмыстық қылмыстарды жасау жағдайлары кездесті. Атап айтқанда, М. Хэпполд Руанда қақтығыс кезінде алкоголь мен есірткінің көмегімен кәмелетке толмаған сарбаздарды пайдалану жағдайларын көрсетеді[4].

#### Қолданыстағы

халықаралық қылмыстық құқық нормаларын негізге ала отырып, интоксикация себебі бойынша босату белгілері мынадай:

А) адамның құқыққа қарсы немесе өзінің мінез-құлқының сипатын ұғыну немесе өзінің іс-әрекеттерін заң талаптарына сәйкес еместігін ұғыну мүмкіндігінен айыратын интоксикация жағдайында болуы;

Б) адам интоксикация нәтижесінде сот юрисдикциясына жататын қылмыс болып табылатын әрекет жасауы мүмкін не оның осындай әрекет жасау қаупін елемегені білгеніндей жағдайларда өз еркімен улануға ұшырамағанда.

Көрсетілген белгілердің біріншісі адамның жасалған әрекеттерді сезіну не оларды басқару мүмкіндігінен толық айырумен байланысты болуы тиіс. Екінші белгі интоксикация еріктілігінің болмауына байланысты. Мұндай нақтылау өзін интоксикация жағдайына ерікті түрде енгізгенде адам тәуекелдерді бағалауы тиіс.

Фактідегі немесе оқиғадағы қателенумен байланысты қылмыстық жауапкершіліктен босату негіздері. Фактідегі қате, егер ол осы қылмыстың қажетті субъективті жағын алып тастаса ғана қылмыстық жауаптылықтан босату үшін негіз болып табылады. ХҚС Статут фактісіндегі қателерге қатысты нақты шектеулер жасайды, оларды субъективті жақтардың жоқтығымен ғана байланыстырады. Осы негіздермен халықаралық қылмыстық сот тәжірибесінде халықаралық қылмыстан босату болған жоқ. Бұл ретте теориялық түрде осындай фактілер, әсіресе халықаралық қылмыстық соттың юрисдикциясына жататын әскери қылмыстар жасалған жағдайда мүмкін болады. Мысалы, әскери адам әскери объекті нысаны бойынша қателесіп оқ атады, ал іс жүзінде зияны бейбіт адамдарға тиеді. Мұндай жағдайда міндетті түрде мыналар белгіленуі тиіс: қалыптасқан жағдайды ескере отырып, адам әскери объекті мен бейбіт тұрғын екенін айыра алмайтын жағдайда екенін дәлелдеу керек.

Халықаралық қылмыстық құқық теориясында қателіктердің салдарынан жасалған кешірілмейтін қылмыс түрлері бар. Мысалы, адам мас болу жағдайына байланысты

қателесті. Мұндай жағдай әрекеттің субъективті жағының болмауымен байланыстырылмауы керек деп ойлайды, ал бұрын зерттеген интоксикация жағдайы, демек, оны қолдану ережелері негізінде қарастырылуы керек[5].

Мұндай қателік түрі соттың юрисдикциясына жататын қылмыс болып табылатынына қатысты, құқықтағы халықаралық қылмыстық жауаптылықтан босату үшін дербес негіз бола алмайды. Алайда құқықтағы қате, егер ол осы қылмыстың қажетті субъективті жағын алып тастаса немесе ХҚС Статутының 33-бабында көзделген тәртіппен қылмыстық жауаптылықтан босату үшін негіз болып табылады, құқықтағы қателіктер болған жағдайда қылмыстық жауаптылықтан босату екі белгінің бірі болған кезде айрықша мән-жай ретінде мүмкін болады, олар:

а) Құқықтағы қателік субъективті жағының болмауына алып келеді қалыптасқан жағдайды негізге ала отырып, адам өзінің іс жүзінде орындаған іс-әрекетіне құқығы жоқ деп болжай алмады;

б) құқықтағы қате бастықтың бұйрығымен немесе заң ұйғарымымен байланысты, яғни егер адам заңды түрде берілген бұйрыққа қатаң сәйкестікте әрекет етсе, не Заңға қарсы әрекет етсе және оның іс-әрекетінің мәні бойынша заңсыз деп есептеледі.

Бастықтың бұйрығымен немесе заң ұйғарымымен байланысты қылмыстық жауапкершіліктен босату негіздері. Бұйрықты орындауға байланысты Халықаралық қылмыстық жауаптылықтан босату халықаралық қылмыстық құқық институттарының өмір сүру уақыты неғұрлым ұзақ уақыт болып табылады. Халықаралық әскери трибунал, МТБЮ және МУТР жарғыларының негізінде жалпы ереже әзірленді, оған сәйкес бастықтың бұйрығына сілтемелер жауапкершіліктен босатудың негізі ретінде жіберілмеді. ХҚС Статутында аталған институт айтарлықтай өгеріске ұшырады және жалпы ереже бұрынғыдай қалғанына қарамастан, үш белгі болған кезде жауапкершіліктен босату мүмкіндігі қарастырылған, олар:

а) тұлға бұйрықты заңды түрде орындауға міндетті болды;

б) тұлға бұйрықтың заңсыз екенін білген жоқ.

в) бұйрықтың түсініксіз түрде заңға қайшы болуы[6].

Осы айтылған үш белгі терең зерттелуден өту керек, әрине аса ауыр қылмыстар жауапкершіліктен босатылмайтыны сөзсіз. Сонымен қорыта келе халықаралық қылмыс жасаған тұлғаға халықаралық қылмыстық жауапкершіліктен босату өте күрделу әрі терең зерттелмеген аспекті екені анық. Тарих толқынында ХҚС пайда болғалы халықаралық қылмыс жасаған басшы, тұлға ешқашан жауапкершіліктен босатылған емес, соның бәрін ескере отырып ешбір бұлға адамзат бейбітшілігіне, экологияға, ұлтқа, дінге қарсы қылмыс жасамау керек.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. [Международное право \(Бархатова Е.Ю., 2004\)](#)
2. Cryer R., Friman H., Robinson D., Wilmschurts E. *International Criminal Law and Procedure*. Cambridge University Press, 2007. P. 331.
3. Landy F. Sparr. *Mental Incapacity Defenses at the War Crimes Tribunal: Questions and Controversy* // JAAPL. March 1. 2005. Vol. 33. No 1. P. 59—70.
4. Happold M. *Child Soldiers in International Law*. Manchester, 2004. P. 16-17.
5. Cryer R., Friman H., Robinson D., Wilmschurts E. *Op. cit.* P. 342.
6. *Defenses to International Criminal Responsibility* G. A. Rusanov, PhD in Law